

13. Жумаканов Ж. ни один мусор не подходит Абаю // социалистический Казахстан, 1947, 2 августа.
14. Каюм Мухамедханов: литературная школа Абая (стенограмма диссертационного <https://adebiportal.kz/kz/news/view/13633>)
15. Бауыржанова Э. Б. Изгнанные абаеведы: Каюм Мухамедханов // Материалы XVI Международной научно-практической конференции. В 3-х частях. Том Часть 1. Ростов-на-Дону, 2021. - Ростов-на-Дону: ООО «Издательство ВВМ», 2021. - С.
16. Панкратова А., Абдыкалыков М. (ред.). История Казахской ССР: С древнейших времен до наших дней. - Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943. - 671.
17. История Казахской ССР [Текст] ; редкол.: М. О. Ауэзов [и др.] ; Акад. наук КазССР, Ин-т истории, археологии и этнографии. - Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1957. - Т. 1. - 608 с
18. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы [Мәтін] : шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм / Б. Ғабдуллин ; [ред. менг. М. Әкімжанов, ред. О. Оралбеков]... - Алматы : Қазақстан, 1988.
19. Жиреншин, Әбіш. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары : жинақ / Ә. Жиреншин. - Алматы : Қазмембас., 1959. - 266 б.

ӨМІРЗАҚ СҰЛТАНҒАЗИН: ҒЫЛЫМДА ҚАЛДЫРҒАН МҰРАСЫ

Амангелді А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Нурпеисова Э.Т.
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай қ.

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин - Қазақстан ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосқан көрнекті ғалым әрі ұйымдастырушы. Ол математикалық физика, есептеу математикасы, кинетикалық тендеулер теориясы және ғарыштық зерттеулер салаларында іргелі нәтижелерге қол жеткізіп, халықаралық деңгейде танылған ғылыми мектеп қалыптастырды. Ғылым академиясын басқарған кезеңінде ұлттық ғылыми инфрақұрылымды жаңғырту, жаңа институттар ашу және ғарыштық бағдарламаларды дамыту бағытында маңызды бастамалар жүзеге асырылды. Бұл мақалада Ө.М. Сұлтанғазиннің өмір жолы, ғылыми мұрасы және Қазақстан ғылымына қалдырған тарихи үлесі қысқаша талданады.

Өмірзақ Сұлтанғазин 1937 жылы Урицкий ауданындағы (Қазіргі Сарыкөл ауданы) Қараоба ауылында Сұлтанғазы Махмұтов пен Нурия Темірбайқызының шаңырағында дүниеге келді. Ата-ананың шексіз қуанышы мен жүректеріндегі жасырын аландаушылықты бірдей жеткізетін терең символикалық жайт - оған Өмірзақ деп ат қоюы болды. Бұл сөз қазақ тілінде тура мағынасында «ұзақ ғұмыр» дегенді білдіреді. Әке мен ананың бұл атты саналы түрде таңдағаны сөзсіз: олар ұлына жақсы тағдыр тілеп, Жаратқаннан оған ұзақ өмір сұрағаны анық. Ол сол аудандағы жалғыз қазақ мектебінде - Әулікөл болысының жетіжылдық мектебінде білім алды.

Балалық шағынан бастап ол мал шаруашылығы мен тәлімі егіншілікке маманданған колхозда ата-анасының жауапкершілікпен атқарған еңбегіне куә болып өсті, сондықтан күнделікті тұрмысқа қажетті еңбек өнімдерінің нақты құнын ерте түсінді. Өмірзақ Сұлтанғазин жас кезінен-ақ шаруашылық жұмыстарына тартылды: мал күтумен айналысты, масақ терді, егін жинау науқаны кезінде тоқ жұмыстарында көмектесті. Соғыс жылдарының басым бөлігінде, әсіресе оқу демалыстары кезеңінде, ол өгей әкесімен бірге колхозда еңбек етіп, ауылдағы ауыр дене еңбегінің барлық түрін меңгерді.

Өмірзақ Махмұтұлының ең көп тартақан пән - математика еді. Бұл пәнді оған құштарлығымен Нұрым Төлеубаев 5-7 сыныптарда оқытқан еді. [1, с.10]

Қараоба ауылдық мектепін бітіріп, КазМУ университетіне, физика-математика факультетін «математика» мамандығына оқуға түседі. 1958 жылы университетті үздік бітірді және КазМУ-да оқытушылық қызметке ұсынылды. Осы кезде оның ғылыми жолы басталады. Университетте ассистент, аға оқытушы, доцент, профессор, есептеу математикасы кафедрасының меңгерушісі лауазымдарында еңбек етті.

1962 жылдың соңында Өмірзақ Махмұтұлы математикалық есептеулер мамандығы бойынша оқитын студенттердің дипломалды тәжірибесінің жетекшісі ретінде Сібір бөлімшесінің Математика институты мен Есептеу орталығында алғаш рет Академқалашыққа барады. Академқалашыққа қоныстанған жаңа буын ғалымдарының энтузиазмы, есептеу математикасының заманауи бағыттарын

дамытудағы жаңашыл тәсілдері, сондай-ақ академиктер мен профессорлардан бастап қатардағы инженерлерге дейінгі ғылыми қауымдастық ішінде қалыптасқан, қазақ менталитетіне беймәлім шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесі Сұлтанғазинге ерекше әсер етті. Осы жағдай оның ғылыммен айналысу үшін дәл осы ортаға келу туралы арманын қалыптастырып, уақыт өте бұл арман нақты мақсатқа айналды.

Алайда бұл тілекті сол кезеңде жүзеге асыру мүмкін болмады: кафедрада атқарылатын жұмыс көлемі көп, біліктілікті арттыруға қатысты бейресми кезектілік сақталуы тиіс, ғылыми зерттеудің тақырыбы мен жетекшісін анықтау қажет болды, сондай-ақ анасының денсаулығы нашар еді. Бұған қоса, жақын уақыттағы отбасы жағдайына байланысты міндеттер де бар болатын.

Соған қарамастан, жоғары оқу жүктемесіне қарамай, Өмірзақ Махмұтұлы ғылыми зерттеумен де айналысып, сызықтық алгебралық теңдеулер жүйелерін шешу әдістеріне көңіл бөлді. Осы бағыттағы оның үш мақаласы жергілікті ғылыми басылымдарда жарық көрді. Ақыры, 1964 жылдың наурыз айында, университетте толық емес алты жыл еңбек еткеннен кейін, оның ғылыми әлеуетіне сенген ректор мен деканның қолдауымен Сұлтанғазин екі жылдық тағылымдама өту үшін Новосібірге аттанады.

Келесі жетістік ол, қорғау рәсіміне сәйкес, 1966 жылдың 24 сәуірінде Новосібір облыстық «Советская Сибирь» газеті Өмірзақ Махмұтұлының диссертациясын қорғаудың алда өткені жөнінде алдын ала хабарлаған. 5 мамырда диссертацияның ашық қорғауы өтті. Диссертацияның тақырыбы «Тасымалдану кинетикалық теңдеуі үшін жіктеу әдісі». Қорғауда Академқалашықта білім алып жүрген қазақ математиктері - Серікқали Темірболат, Серік Оспанов, Қуаныш Өтегенов, Құрақ Сарбасов - белсенді қолдау көрсетушілердің қатарында болды.

Осылайша, отыз жасқа да толмаған кезеңінде - әлеуметтік белсенділіктің ең жоғары уақытында, адамның кейінгі өмір жолы көбіне жинақталған әлеуетке тәуелді қалыптасатын шақта - Өмірзақ Махмұтұлы өзінің алғашқы ғылыми шыңына жетті. Қорғаудан екі жарым ай өткен соң Мәскеудегі Жоғары аттестациялық комиссиядан оның ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін бекіту туралы қуанышты хабар келеді. 1967 жылдың жазында ол университетте конкурс нәтижесінде таңдалып, кафедраның доценті лауазымына бекітіледі. Бір жылдан кейін КСРО ВАК бұл шешімді ресми түрде растап, оған тиісті ғылыми атақты растайтын аттестат береді.

1968 жылдың ортасына қарай, яғни зерттеуді бастағаннан кейін екі жыл өткен соң, Өмірзақ Махмұтұлы тақырып бойынша елеулі ілгерілеуге қол жеткізгенін айқын сезіне бастады. Осы сәтте оның ғылыми тұрғыдан қалыптасқан идеялары мен тәсілдерін талқылау, академиялық ортада апробациялау, ғылыми қауымдастықпен пікір алмасу ауадай қажет болды. Мұндай мақсат үшін Новосібір Академқалашығынан қолайлы орта табу мүмкін емес еді. Сұлтанғазин үшін жалғыз дұрыс шешім - докторантураға түсу болатын. 1968 жылдың қазан айында Сұлтанғазин туған Есептеу орталығына жарты жылдық тағылымдамадан өтуге, жалақысы сақтала отырып, аттанады. Ғылыми ортаның жетекші өкілдерімен алты ай бойы тығыз қарым-қатынас жасау нәтижесіз қалмайды. Өмірзақ Махмұтұлы сондай-ақ оның ғылыми кеңесшісі - бұл кезде толық мүшелікке өткен академик Марчук - зерттеудің дұрыс бағытта жүргізіліп жатқанын және маңызды нәтижелерге қол жеткізу ықтималдығы жоғары екенін анық сезінді. Өз шәкіртіне әрдайым сенім артқан Гурий Иванович зерттеуді жалғастыруға жағдай жасау ниетімен Сұлтанғазинді тағылымдама аяқталғаннан кейін Есептеу орталығының штаттық бірлігіне аға ғылыми қызметкер ретінде жұмысқа қабылдауға шешім қабылдайды.

1969 жылдың есте қаларлық жазы келді. Сұлтанғазин жүргізген жұмысы бойынша елеулі нәтижелерге қол жеткізіп, алынған параметрлерді толық есептеп шықты, барлық есептеулер тиімді орындалғандай көрінді. Енді алынған нәтижелерге тәжірибелі әріптестер тарапынан объективті баға беру қажет болды. Осыған байланысты Өмірзақ Махмұтұлы мамандар арасында беделді ғылыми семинарда баяндама жасауды ұйғарды. Семинар КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Лев Васильевич Овсянников басқаратын Сібір бөлімшесінің Гидродинамика институтында өткізілетін. Баяндаманың тақырыбы ғылыми ортада ерекше қызығушылық тудырды, себебі бұл теңдеуді дәлелдеу талпыныстары кезінде отандық және шетелдік көптеген мықты математиктер сәтсіздікке ұшыраған болатын. Сол себепті Сібір бөлімшесінің Гидродинамика институтының холлында көпшілікке арналған үлкен хабарландыру ілінді. Онда белгісіздеу зерттеуші Өмірзақ Махмұтұлы белгілі бір шілде күні Больцманның бейсызық кинетикалық теңдеуінің шешімінің бар болуы мен бірегейлігін жіктеу әдісі арқылы дәлелдеуге арналған теореманы ұсынатыны жазылған еді. Семинар отырысы аншлаппен өтті. Өмірзақ Махмұтұлы өз нәтижелерін білікті аудитория алдында сенімді түрде баяндап, таңдаған әдісінің тиімділігі мен қолданылу қолжетімділігін айқын көрсетті. [1, с.99]

Семинарға қатысушылардың қатарында таяуда ғана Мәскеуден Академқалашыққа қоныс аударған кеңестік қолданбалы математиканың көрнекті өкілі, физика-математика ғылымдарының докторы Сергей Константинович Годунов да болды. Жабық ғылыми мәселелермен ұзақ жылдар бойы айналысқан бұл ғалым 1959 жылы ядролық физика саласындағы физикалық үдерістерді математикалық модельдеу және есептеу жөніндегі еңбектері үшін Лениндік сыйлыққа ие болған. Алдын ала Мәскеуге ұшақ билеті бола тұра, ол Өмірзақ Махмұтұлының баяндамасы туралы хабарландыру өзіне соншалықты қызық көрінгендіктен, семинарда қалуға шешім қабылдайды.

Тыңдалған баяндама оның санасынан Мәскеуге төрт сағаттық ұшу бойы шықпай қойды, әсіресе Годуновтың өзі де бұған дейін Больцман теңдеуін дәлелдеуге талпыныс жасағанын ескерсек. Өмірзақ Махмұтұлы ұсынған дәлелдеу логикасын ой елегінен өткізе отырып, ол ақырында бір әлсіз тұсты тауып шығады. Анықталғандай, Өмірзақ Махмұтұлының жалпы жағдайда қолдануға болатын дәлелдеулері шекара аймақтарына таралмайтын, өйткені бұл жерде газ молекулалары мүлде өзгеше тәртіппен әрекет етеді. Осы жайтқа сүйене отырып, Сергей Константинович өзінің қарсы мысалын құрады. Мәскеуге келген соң, Годунов баяндамашының байланыс мәліметтерін тауып, оған өз дәлелдерін баяндаған хат жазады. Хатта оқығаннан соң Өмірзақ Махмұтұлы Годунов дұрыс айтыпты», - деп мойындайды. Осылайша Сұлтанғазин ұсынған дәлелдеу алгоритмі қабылданбайды.

Кейіннен Годунов пен Сұлтанғазиннің тікелей кездесуі олардың шығармашылық серіктестігінің басталуына алып келді. Сергей Константинович шарттарды өзгертіп, дәлелдеу жолының басқа нұсқасы бойынша теңдеуді бірлесіп зерттеуді ұсынды. Алайда іс жүзінде олар өзара ғылыми бәсекелестік жағдайында жұмыс істеді: кім жылдам нәтиже шығаратынын байқауға тырысты. Бұл ретте олардың бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі болды, өйткені Өмірзақ Махмұтұлы үшін мақсат тек теңдеуді шешу ғана емес, сонымен бірге докторлық диссертацияны қорғау да еді.

1970 жылы Ө.М. Сұлтанғазин докторлық диссертацияға дайындалу үшін Сібір бөлімшесінің Есептеу орталығына іссапарға жіберілді. Осы кезең ішінде ол дифференциалдық теңдеулер теориясының өзекті бағыты - кинетикалық теңдеу - және оның есептеу мәселелеріне қолданылуы жөнінде алты мақаласын баспаға тапсырды. Өмірзақ Махмұтұлының жалпы ғылыми еңбектері саны жиырмаға жетті.

Келесі жылы «Успехи математических наук» деп аталатын беделді орталық журналда Өмірзақ Махмұтұлы мен Годуновтың бірлескен «Больцманның кинетикалық теңдеуінің дискреттік модельдері туралы» көлемді мақаласы жарық көріп, ғылыми қауымдастықты олардың зерттеу нәтижелерімен таныстырды.

Олар алғаш рет бейсызық кинетикалық теңдеуден гидродинамикалық теңдеулердің жалпыланған шешімдері теориясына өтудің нақты схемасын ұсынды, әрі бұл тәсілді модельдік теңдеу арқылы көрсетті (алайда бұл материал диссертация мәтініне енбеген). Мақала жедел түрде ағылшын тіліне аударылып, Больцманның бейсызық теңдеуі теориясындағы жаңа ғылыми бағыттың басталуына түрткі болды. Бұл жұмыс кеңестік және шетелдік басылымдарда көптеген жарияланымдардың тууына, сондай-ақ сансыз көп дәйексөздерге себеп болды. Ғылыми айналымға «Годунов - Сұлтанғазин моделі» деген ұғым нық орнықты. Сол жылы диссертацияның негізгі қағидаттарын жариялау аяқталды. Қараша айына қарай 35 жастағы ғалым зерттеуін рәсімдеуді толық аяқтап, қажетті рәсімдерден кейін авторефератты шығарды. [1, с.102]

Көптен күткен қорғау 1972 жылғы 10 наурызда КСРО Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің Математика институтында өтті. Зерттеу тақырыбы «Сәуленің бейстационар кинетикалық тасымалдау теңдеуі үшін сферикалық гармоникалар әдісі» деп аталды, мамандық - «дифференциалдық теңдеулер». Қорғау материалдарын рәсімдеуді аяқтағаннан кейін, Өмірзақ Махмұтұлы шетелге алғашқы ғылыми іссапарына аттанып, семестр бойы Еуропаның ең көне жоғары оқу орындарының бірі - Карл университетінде шақырылған профессор ретінде жұмыс істеді. Ол Карл университетінде және Пльзень қаласының Электротехника институтында тасымалдау теориясының математикалық мәселелері бойынша дәрістерді орыс тілінде оқыды, әріптестерімен бірге «Больцманның сызықтық операторы теориясының спектралдық мәселелері» атты ғылыми жұмыспен айналысты.

Диссертацияға келсек, табысты қорғауға қарамастан, Жоғары аттестациялық комиссия дәлелдеулерде ықтимал қателік бар-жоғын анықтау мақсатында жұмыс материалдарын Ленинградтағы «жабық рецензентке» жіберді. Комиссия бұл шешімді мұндай күрделі мәселелер үшін қолданылатын қалыпты тәжірибе деп түсіндірді. 1973 жылдың ақпанында, 36 жасында, Ө.М. Сұлтанғазин Кеңес Одағындағы ең жас физика-математика ғылымдарының докторларының бірі және математика саласы бойынша қазақтар арасындағы төртінші ғылым докторы атанды.

Уақыт айлап емес, жылдап өтті. 1978 жылға қарай Өмірзақ Махмұтұлының университеттегі еңбек өтілі жиырма жылға жеткен еді. Ол жоғары оқу орнында өзін жайлы сезінді, ғылыми жұмыспен айналысуға жеткілікті мүмкіндігі болды. КСРО Жоғары білім министрлігі желісі бойынша екі жыл

бойы жүргізілген келіссөздер нәтижесінде АҚШ-қа ғылыми іссапар мүмкіндігі де айқындала бастаған. Бұл сапарға ол ерекше мән берді, өйткені есептеу математикасының жаңа бағыты бойынша мамандандуды жоспарлаған болатын.

Алайда күтпеген жерден тағдыр күрт өзгерді: Ғылым академиясының президенті А.М. Қонаев Төлеубай Идрисұлы Аманов дүниеден өткеннен кейін басшысы жоқ қалған Математика және механика институтын басқаруды Өмірзақ Махмұтұлына ұсынады.

Академия басшылығы институтты сырттан келген тәжірибелі ғалымға тапсыруды жөн көріп, ең қолайлы кандидат ретінде Сұлтанғазинді қарастырған. Алғашқы кездесуде Өмірзақ Махмұтұлы бұл ұсыныстан бірден бас тартады: институттың ғылыми әлеуеті әлсіз, оны көтеру қиын, шетелге баруға әзер алынған рұқсат бар, сондай-ақ ол таза әкімшілік қызметпен айналысқысы келмейтінін айтады. Бірақ президент бұл шешімнен қайтпайды. Келесі әңгімелесу барысында ол шетел іссапарына кедергі келтірмейтінін, ал кейінірек институтты техникалық жарақтандыру мен қаржыландыру мәселесіне қолдау көрсететінін уәде етеді. Бұл жағдайда таңдау қалмаған еді, әрі толықтай бас тарту да орынсыз болатын. Дегенмен Өмірзақ Махмұтұлы этикалық тұрғыдан алдымен өзінен бұрынғы директордың жұбайына жолығып, жағдайды түсіндіруді, өзінің ниеті тек институтты көтеруге бағытталғанын ашық айту мен оның ризашылығын алуды жөн санады.

1978 жылғы 17 шілдеде, жазғы тыныш кезеңде, Өмірзақ Махмұтұлы институт директорының міндетін атқарушы болып тағайындалды және бірден белсенді жұмысқа кірісіп кетті. Институттың жағдайын, кадрлық құрамды зерделеуге көп уақыт қажет болмады. Ғылыми мекемелердің басым бөлігіндегі сияқты, бұл институтта да диссертация қорғағаннан кейін қызметкерлердің өз-өзін қанағаттандыруға бейімі байқалды: жыл сайын бір үлгіде жазылатын есептер, баяу жұмыс ілгерілеуі, білім қорын жаңартпау, ұсақ тақырыптарға ден қою тән еді. Жаңа басшы талап деңгейін арттырды, жұмыс жоспарларын қайта қарады, барлық қызметкерлерден жоғары нәтижелілік талап етті, республика бойынша математика мен механиканың тиісті бағыттарындағы зерттеулерді үйлестіруді күшейтуді және жоғары оқу орындарындағы ғылыммен күш біріктіруді мақсат етті. Қалай айтылса да, екі-ақ жыл ішінде математика мен механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулерді жандандыру үшін ұжымды жұмылдыруға қол жеткізілді.

Өмірзақ Махмұтұлының ғылыми және педагогикалық қызметі тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де кеңінен танылып, жоғары бағаланған. Халықаралық ынтымақтастық бағдарламасы аясында ол 1978 жылдың қарашасынан 1979 жылдың ақпанына дейін АҚШ-тың Стэнфорд және Мэриленд университеттерінде дифференциалдық теңдеулер бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысып, «Сферикалық гармоникалар әдісінде туындайтын Фридрихс бойынша симметриялық гиперболалық жүйелер» тақырыбында дәрістер оқыды.

Алдағы уақытқа жүгіріп өтсек, 1985 жылы ол Варшава қаласында өткен Банах атындағы Халықаралық математикалық мектепте дәріс оқыды. 1986 жылы академик Ж. Лионстың шақыруымен Францияға барып, Париждегі Автоматика және кибернетика институтында, сондай-ақ Коллеж де Франста Больцманның бейсызық теңдеуінің математикалық мәселелері бойынша ғылыми жұмыс пен оқу қызметін ұштастырды. [2, 250-251 б.]

1975-1995 жылдар аралығында Өмірзақ Махмұтұлының жетекшілігімен жылу тасымалдау құбылыстарын математикалық модельдеу бойынша зерттеулер жүргізілді. Уақыт бойынша туындысы бар бейклассикалық шекаралық шарттарды қамтитын жылуөткізгіштік теңдеуінің шекаралық есептері зерттелді. Мұндай есептер интегралдық схемалардың жартылай өткізгіш құрылымдарындағы жылу тасымалдау үдерістерін, металдардағы индукциялық қыздыру мен жоғары жиілікті балқыту кезінде, сондай-ақ түрлі термиялық түрлендіргіштердің құрастырмалық элементтеріндегі жылу процестерін сипаттау үшін қолданылады.

1981-1988 жылдары шекаралық шартында уақыт бойынша туындысы бар жылуөткізгіштіктің тура және кері есептерін шешудің сандық алгоритмдері әзірленді.

Мұндай шекаралық есептер интегралдық схемалардың жартылай өткізгіш құрылымдарын дайындау және пайдалану кезеңдеріндегі жылу тасымалдау үдерістерін, металдардағы индукциялық қыздыру мен жоғары жиілікті балқыту үдерістерін, сондай-ақ әртүрлі термиялық түрлендіргіштердің конструкциялық элементтеріндегі жылу жүрісін сипаттауға мүмкіндік береді. 1981-1988 жылдары шекаралық шартында уақыт бойынша туындысы бар жылуөткізгіштіктің тура және кері есептерін шешуге арналған сандық алгоритмдер әзірленді.

1989-1993 жылдары академик Өмірзақ Махмұтұлының, Украина Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ю.М. Мацевита және В.П. Шерышев шоғырланған сыйымдылық концепциясы аясында жылу тасымалдау үдерістерінің иерархиялық модельдерін және гибридік, параллельдік есептеулердің тиімді әдістерін жасады.

Кері жылуөткізгіштік есептерін шешу үшін өлшенген температураларды жылуфизикалық тегістеу әдісі ұсынылды. 1993-1994 жылдары шоғырланған сыйымдылық концепциясының негізінде жылуфизикалық зерттеулердің жаңа ақпараттық технологиясы әзірленді. 1983 жылы ол Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин - ғылымды ұйымдастырудың дарынды қайраткері, бұл оның Академия ғылымындағы белсенді қызметі арқылы дәлелденді және қазақстандық ғалымдар мен шетелдік әріптестерінің зор құрметіне ие болды.

1985-1986 жылдары ол Қазақ КСР Ғылым академиясының Физика-математика ғылымдары бөлімшесінің академик-хатшысы, Президиум мүшесі болды, ал 1986-1988 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясының вице-президенті қызметін атқарды.

1988 жылдан 1994 жылға дейін Өмірзақ Махмұтұлының Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті қызметін атқарды. Ол өзіне тән жоғары жұмыс қарқынымен Академияның ғылыми-ұйымдастырушылық қызметін түбегейлі қайта құруға, академиялық институттарды дамыту тұжырымдамаларын әзірлеуге, республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін күшейтуге, тәжірибелік-эксперименттік базаны қалыптастыру мен зерттеулердің материалдық-техникалық негізін нығайтуға белсенді түрде атсалысты.

Өмірзақ Махмұтұлының республикада ғылыми-техникалық саясат мәселесін алғашқылардың бірі болып институционалдық деңгейде көтерді. Ол Қазақ КСР-інің «Ғылым және ғылыми-техникалық прогресс туралы» Заңының жобасын дайындаған жұмыс тобына жетекшілік етті. Бұл топ жаңа экономикалық жағдайда ғылым мен ғылыми-техникалық прогресті дамыту тұжырымдамасын жасап, соның негізінде аталған заңның негізгі заңнамалық актілерін әзірледі. Заң Жоғарғы Кеңес сессиясында қабылданып, алғаш рет ғылыми қызметкерлердің құқықтық мәртебесін, олардың құқықтары мен міндеттерін бекітті, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығының негізгі қағидаттарын жалпы түрде айқындады. Президент ретінде ол Қ.И. Сәтбаев негізін қалаған дәстүрді жалғастырып, республиканың өңірлерінде ғылыми зерттеулерді үйлестіру, аймақтардың ғылыми-техникалық әлеуетін тиімді пайдалану және олардың ғылыми қамтамасыз етілу деңгейін арттыру мақсатында Ғылым академиясы Президиумының көшпелі отырыстарын қайта жаңғыртты. Көшпелі отырыстарды ұйымдастырудың алдында ауқымды ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыс жүргізілді: Академия президентінің басшылығымен комиссиялар өңірлерге шығып, жағдаймен танысты, алдын ала келісімдер жасалды, содан кейін Президиумның көшпелі отырыстары өткізілді. Өңірлерді ірі ғылыми және мәдени орталықтарға айналдыру бірқатар міндеттердің шешілуін талап етті: жаңа мамандандырылған академиялық мекемелер құру, тәжірибелік-эксперименттік базалар ұйымдастыру, Академия бөлімшелерінің жаңа нысандарын жобалау және салу. Бұл мәселелерді түбегейлі шешу Өмірзақ Махмұтұлының тікелей қатысуымен жүзеге асырылды. Оның жетекшілігімен және қатысуымен Ғылым академиясының үш аймақтық бөлімшесі ашылды; Қарағанды қаласында Қолданбалы математика институты, сондай-ақ Механика және машинатану институты, Ақпараттандыру және басқару проблемалары институты, Физика-техникалық институт, Ғарыштық зерттеулер институты және басқа да бірқатар ғылыми орталықтар ұйымдастырылды. [3, с.29]

1991 жылы Өмірзақ Махмұтұлы ғарыштық зерттеулер институтының директоры болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін бұл мекемені басқарды. Ол жаңа институтты ұйымдастыру, оның ғылыми бағдарламаларын қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыс атқарды, ғылыми қызметкерлер мен инженерлік-техникалық құрамды ғарыштық зерттеулер саласындағы іргелі және қолданбалы міндеттерді жүзеге асыруға бағыттады. 1991 жылы ол өзіне тән ынта-жігермен алғашқы қазақстандық ғарыш бағдарламасын әзірлеу сияқты жауапты іске кірісті. Бұл бағдарлама орбиталық «Мир» кешенінде Қазақстанның бірінші ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің қатысуымен орындалатын ғылыми зерттеулерді қамтыды. Сонымен қатар ғарышкер Т.О. Әубәкіровтің ұшуына арналған ғылыми бағдарламаны дайындау және оны табысты жүзеге асырудағы еңбегі үшін, сондай-ақ республикадағы ғарыш саласының дамуына қосқан зор үлесі үшін академик Ө.М. Сұлтанғазин 1991 жылы Ленин орденімен марапатталды.

Ғарыштық ұшулардың ғылыми бағдарламаларын әзірлеу тәжірибесіне сүйене отырып, Өмірзақ Махмұтұлының жетекшілігімен Қазақстан Ғылым академиясының ғалымдары 1998 жылғы ғарышкер Т.А. Мусабаевтың ұшуына арналған ғылыми эксперименттер бағдарламасын қалыптастырды. Ұлттық ғарыштық зерттеулер және орбиталық «Мир» кешенінде жүргізілетін эксперименттер бағдарламасын іске асыру жөніндегі жетекші ұйым ретінде Ғарыштық зерттеулер институты ғарыштық эксперименттерді әзірлеу, орындау және нәтижелерін өңдеу технологиясын толық жетілдірді. 208 тәуліктік ғарыштық миссия кезінде, экипаж командирі ретінде қызмет атқарған Т.А. Мусабаевтың жұмысы барысында Өмірзақ Махмұтұлы басқаратын институт Қазақстан мен Ресейдің шамамен 20 академиялық институты мен салалық ұйымдарының қызметін үйлестірді.[4, с.24]

2004 жылы Өмірзақ Махмұтұлы Қазақстан Республикасының «Ұлттық ғарыштық мониторинг жүйесі» атты республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру жұмысына жетекшілік етті.

Өмірзақ Махмұтұлы Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевпен жеке кездесулерінен кейін елімізде ғарыш саласын дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу басталды. Үкіметтің тапсырмасымен 2004 жылы Ө.М. Сұлтанғазин Қазақстан Республикасында ғарыш саласын дамыту бағдарламасының жобасын дайындайтын жұмыс тобы басшысының орынбасары болып тағайындалды. Оның жетекшілігімен «Қазақстан Республикасында 2005-2007 жылдарға арналған ғарыш қызметін дамыту» мемлекеттік бағдарламасын қалыптастыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың 2005 жылғы 25 қаңтардағы Жарлығымен бекітілді. [5, 239 б.]

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин 2005 жылдың 23 мамырында Германияның Берлин қаласында дүниеден өтті. Бұл оқиға Қазақстанның ғылымы мен ғарыш саласы үшін үлкен шығын болды. Оның өлімінің нақты медициналық себебі ресми жарияланбағанымен, өмірінің соңғы жылдарындағы жоғары кәсіби жүктеме, халықаралық ғылыми бағдарламаларға белсенді қатысу, мемлекеттік стратегияларды әзірлеуге қатысу сияқты факторлар елеулі рөл атқарғаны күмәнсіз.

Академик Өмірзақ Махмұтұлы Сұлтанғазин - Қазақстанның ғылым, білім және ғарыш салаларын жүйелі түрде дамытуға айрықша үлес қосқан көрнекті ғалым. Оның ғылыми қызметі Больцман тендеуінің дискреттік модельдері, сферикалық гармоникалар әдісі, жылуфизикалық процестерді модельдеу және есептеу математикасы сияқты салаларда іргелі нәтижелер берді. Сұлтанғазиннің ұйымдастырушылық еңбегі де ерекше: ол Қазақстан ғылымының институционалдық жаңғыруына, жана зерттеу орталықтарының ашылуына, аймақтық ғылыми инфрақұрылымның қалыптасуына және ұлттық ғылыми саясаттың заңнамалық негізін әзірлеуге жетекшілік етті. Ғарыштық зерттеулер институтын басқару арқылы Қазақстан ғарыш ғылымының іргесін қалады және алғашқы ғарышкерлердің ғылыми бағдарламаларын ұйымдастырды.

Өмірзақ Махмұтұлының 350-ге жуық ғылыми еңбегі, оның ішінде халықаралық деңгейде танылған монографиялары, Қазақстан ғылымының әлемдік аренада беделін арттырды. Академиктің интеллектуалдық әлеуеті, принципілдігі және ғылыми адалдығы оны ұлттық ғылымның көшбасшыларының біріне айналдырды. Ө.М. Сұлтанғазиннің өмірі мен еңбегі - ғылымға адалдықтың, кәсіби шеберліктің және елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның ғылыми мұрасы Қазақстан ғылымының қазіргі дамуына тірек болып, болашақ буын ғалымдары үшін құнды бағдар болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Козыбаев И.М. Биографический очерк. - Алматы: Раритет, 2020. - 288 с. + 32 с. вкл.
2. Козыбаев М. Тарих зердесі (Арыстар турыры). 2-кітап. - Алматы: Ғылым, 1998. 280 б.
3. Умирзақ Султанғазин / под ред. Г.М. Мутанова. - Алматы: Казак университеті, 2011. 366 с. + 58 с. вкл
4. Султанғазин У.М. “Я всегда шел за жизнью”. -Алматы: Кеңес Нұрпейісұлының қоры, 2005. - 302 б.
5. Сұлтанғазин Ө. М. Атанбаев С. А. “Есептеу әдістерінің қысқаша теориясы”. - Алматы: Білім, 1995. - 267 б.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ - ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ: ПОЭЗИЯ, ДРАМА ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

Арзыкулова А.Б.

Ғылыми жетекші: п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Айтжанова Р.М.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық

зерттеу университеті

happyidontknow@gmail.com

Қарағанды қ.

Бұл мақаланы таңдауымыздың бір себебі ұлттық әдебиеттану ғылымын қалыптастырушылардың бірі және бірегейі Әбділда Тәжібаев академик Е.А. Бөкетовтың шәкірті.

Академик Е.А.Бөкетов Әбділда Тәжібаевты: «Қазақ руханиятындағы ерекше құбылыс, поэзия мен драматургияны терең меңгерген синтетикалық дарын» деп бағалағаны туралы әдебиеттану